

СТ 42

Ceresit



АКРИЛ БОЯУ

Сыртқы және ішкі жұмыстарға арналған қасбеттік акрил бояу

ҚАСИЕТТЕРІ

- су-дисперсиялық;
- ақ түсті, колерлеудің негізі түрінде шығарылады;
- бу өткізбейді;
- сілтіге төзімді;
- атмосфераға төзімді;
- ішкі және сыртқы жұмыстарға жарамды;
- құрамында еріткіштер жоқ;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 42 акрил су-дисперсиялық бояуы бетон, цемент-құм, цемент-әк және әк сылақтар сияқты минерал негіздерді ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде сырлау үшін арналған.

СТ 42 сонымен қатар минерал және акрил сәндік сылақтарын, оның ішінде Ceresit қасбеттерін сыртқы жылу оқшаулау жүйелері құрылуында, бояу үшін қолданылады.

СТ 42 ақ түсте, колерлеудің негізі түрінде шығарылады. Бояу 162 түс, NCS, RAL кіретін Ceresit Color System (CCS) жүйесіне және басқа колерлеу жүйелеріне сәйкес колерленуі мүмкін (барлығы 2000 астам түс). Тапсырыс берушінің үлгісі бойынша түсті іріктеп алу мүмкін болады.

СТ 42 бояуымен сырланған қасбеттер кішкене қысымдағы сумен жуылу мүмкін.

СТ 42 едендерді сырлау үшін жарамайды.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға тиіс. Негіз тегіс, құрғақ, жеткілікті берік, ластанулардан және жабысулықты төмендететін заттардан (шаңнан, майлардан, майлағыш майлардан, битумдық мастикалардан, берік емес лак-бояу жабындарын және т.б.) тазартылған болуға тиіс. Негіздің берік емес, түсетін учаскелерін жою керек.

Қажет болған кезде негізді алдын ала СТ 29 сылағымен, содан кейін сыртқы және ішкі жұмыстар кезінде СТ 225 фиништік бітеуішімен немесе ішкі жұмыстар кезінде СТ 127 фиништік бітеуішімен тегістеу керек.

Саңырауқұлақпен, зеңмен, мүкпен, балдырлармен және т.б. зақымданған негіздер учаскелерін болат шөткелермен тазартып СТ 99 құралымен өңдеу керек.

СТ 42 бояуы келесі негіздерді бояу үшін қолданылады:

- бетон («жасы» ≥ 28 күн, ылғалдылығы $\leq 3\%$);
- дәстүрлі цемент, цемент-әк және әк сылақтар («жасы» ≥ 14 күн, ылғалдылығы $\leq 3\%$);



- СТ 225 тегістеуіші («жасы» ≥ 3 дня);
- СТ 127 тегістеуіші, тек ішкі жұмыстар кезінде («жасы» ≥ 1 күн);
- СТ 36, СТ 137 сәндік минералдық сылақтары («жасы» ≥ 7 күн);
- СТ 60, СТ 63, СТ 64 сәндік акрил сылақтары («жасы» ≥ 3 күн);
- гипс сылақтар және тегістеуіштер, тек ішкі жұмыстар кезінде (ылғалдылығы $\leq 1\%$), СТ 17 астарымен өңдегеннен кейін;
- гипсқатырма және гипсталшықты табақтар, тек ішкі жұмыстар кезінде, өндірушінің ұсынымдарына сәйкес және СТ 17 астарымен өңдегеннен кейін орнатылған;
- шыны тұсқағаздар, құрылымдалған және тоқыма тұсқағаздар, сұйық тұсқағаздар;
- көбікполистиролдан жасалған сәндік панельдер;
- негізге жабысулығы жақсы берік лак-бояу жабындары.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

СТ 42 бояуы қолдануға дайын болып жеткізіледі. Пайдалану алдында ыдыс ішіндегісін жақсылап араластыру керек.

Бояуды негізге қылқаламның, білікшенің немесе бояу пульті көмегімен біркелкі қабатпен жағады.

Бояуды кем дегенде екі рет өтіп жағу ұсынылады. Бірінші қабатты жақсы сіңіретін негіздерге жаққан кезде, бояуға 15% дейін таза су қосып және қайта араластырып сұйылту керек. Келесі қабаттарды жаққан кезде бояуды сұйылтпайды.

Бояудың келесі қабатын алдыңғы қабатты жаққаннан кейін 4-6 сағат өткенде жағуға болады (кебу шарттарына байланысты).

Бояудың жаңа қалдықтарын сумен жууға болады. Кепкен бояуды тек еріткіштермен немесе механикалық тәсілмен ғана кетіруге болады.

Henkel

Качество для Профессионалов

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек

Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +23°C қоршаған орта температурасы кезінде және 50% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда бояудың кебу уақытының өзгеруі мүмкін.

Сыртқы жұмыстарды орындаған кезде тікелей күн сәулелерінің, желдің және жауынның әсерінде болатын қасбет учаскелеріне бояуды жағуды болдырмау керек. Осы мақсатта құрылыс мінбесатыларды арнайы тормен немесе үлдірмен жабу, ал ғимаратта су ағыстарын орнату ұсынылады.

Күн радиациясының әсері нәтижесінде беттің шамадан тыс қызуы құрылыс конструкциялардағы кернеулердің пайда болуына келтіреді, сондықтан қара түстердегі бояуды тек беттің кішкене учаскелерін (мысалы, төлелерді және сәулет элементтерін) үшін пайдалану керек. Бояудың колерлеуін жарыққа- және сілтіге төзімділігі жеткілікті су-дисперсиялық колерлеу пасталарымен, мысалы Ceresit колерлеу пасталарымен жүргізуге болады. Колерлеу нәтижесі үшін жауапкершілікті (түстің эталонына сәйкестігі үшін) колерлеуіші өндіретін фирма көтереді.

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа, бояумен жұмыс істеген кезде ҚНЖЕ 3.04.01-87, сондай-ақ құрылыс және сырлау жұмыстарын орындау жалпы нұсқаулықтарын басшылыққа алу керек.

Ceresit ғимараттардың қасбеттерін жылу оқшаулау жүйелерін жобалауды және монтаждауды СТО 58239148-001-2006 ұйым стандартына сәйкес орындау керек.

Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.

Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.

Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Салқын және құрғақ жерде, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

Мұздап қатудан сақтандырыңыз!

ҚАПТАМА

СТ 42 акрил бояуы 15 литрлік пластик шелектерде жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 42 құрамы:	минерал толтырғыштар мен пигменттер бар акрил сополимердің су дисперсиясы
Тығыздығы:	~ 1,4 кг/дм ³
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Жауынға төзімділік:	12 сағаттан кейін
pH:	7,5-9,5
Қажалу деңгейі:	≤ 60 мкм
Жасыру қабілеті:	≤ 120 г/м ²
Су сіңіру коэффициенті, w:	≤ 0,1 кг/м ² сағ ^{0,5}
Аязға төзімділігі:	≥ 100 цикл
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70°C дейін
СТ 42 шығыны:	~ 0,3 л/м ² (негіздің тегістігіне және сіңіру қабілеттілігіне байланысты)